

1-тур
2-сынып «Әу, баста!»

№1 Баған бойынша қосудың заңдылығын сақтай отырып, бос орындарға 1, 4, 5, 6, 7 және 0 цифрларын қайталанбайтындай орналастыр.


$$\begin{array}{r} 2 \quad 8 \quad 3 \\ + \quad \square \quad \square \quad \square \\ \hline 9 \quad 9 \quad 9 \end{array}$$

№2 Сен нешедесің?-деп сұрағанда, Еркін:-Егер ең кіші үш таңбалы саннан ең кіші **екі** таңбалы санды азайтып, оның оннан бір бөлігін алсаң, менің жасымды табасың,- деп жауап берді. Еркін нешеде?

№3 Автобус Алматыдан Талдықорғанға дейін 6 сағат жүреді, ал жеңіл машина одан 2 сағат бұрын жетеді. Жеңіл машина неше сағатта жетеді.?

№4

Фигураны екі тең бөлікке бөліңіз.



№5

Көжек сәбіз бен қырыққабатты жегенді ұнатады. Бір күнде ол 9 сәбіз жейді немесе 2 қырыққабат жейді немесе 4 сәбізбен 1 қырыққабат жейді. Бірақ кей күндері ол тек шөппен ғана қоректенеді. Көжек 10 күнде 30 сәбіз және 9 қырыққабат жеді. Осы 10 күннің нешеуінде көжек тек шөппен ғана қоректенген?

1-тур
2-сынып «Әу, баста!»

№1

Дескриптор

- Баған бойынша қосудың заңдылығын сақтайды;
- бос орындарға 1, 4, 5, 6, 7 және 0 цифрларын қайталанбайтындай орналастырады;

№2

Дескриптор

- ең кіші үш таңбалы саннан ең кіші **екі** таңбалы санды азайтады;
- шыққан санның оннан бір бөлігін табады;


№3

Дескриптор

- Алматыдан Талдықорғанға дейін жеңіл машина неше сағатта жететінін анықтайды;

№4

Фигураны екі тең бөлікке бөліңіз.



Дескриптор

- Фигураны бірдей екі тең бөлікке бөледі;

№5

Дескриптор:

- 10 күн ішінде көжектің тек шөп жеген күнін анықтайды,